

**Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Әкімшілік құқық және ІО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ  
ОРГАНДАРЫ» курсы бойынша  
ДӘРІС**

**ТАҚЫРЫБЫ:** «Сот билігінің ұйымдастырылуы. Соттың конституциялық негіздері (қағидағтары), ұйымдастырылуы және қызметі»

ӘҚ ж. ІО-ның ӘҚ кафедрасында  
тақыланып, мақұлданған.  
2013ж. №\_\_\_\_\_ хаттама

**ҚАРАҒАНДЫ**

**Дәрісті оқу мақсаты:** «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің мақсаты, оның басқа заң ғылымдары салаларымен қарым-қатынасын түсіндіру. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін негізгі құқықтық нормативтік актілерді қарастыру. Құқық қорғау органдары жүйесінің түсінігі мен құрылымына, құқық қорғау қызметінің түсінігі мен мазмұнына қысқаша тоқталу. Конституциялық бақылаудың, сот төрелігінің, прокурорлық қадағалаудың, қылмыстық қудалаудың, әділет пен адвокатура қызметтерінің өзара қарым-қатынасын ашып, түсіндіру. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарына, құқық қорғау органдарының жалпы сипаттамасына, олардың түрлері мен негізгі міндеттеріне тоқталу. Құқық қорғау қызметінің Конституциялық принциптеріне, мемлекеттің жоғары қазынасы ретіндегі адамдардың арнамысы, қадір-қасиеті, құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына баса көңіл аудару. Құқық қорғау органдарының мемлекеттік билік пен басқарудың басқа органдарымен өзара қызметіне тоқталу.

**Дидактикалық:** ғылыми-теориялық тұрғыдан тыңдаушыларда құқыққорғау органдарының пәні мен әдістері, жүйесі туралы білімді қалыптастыру.

**Әдістемелік:** тақырыптың мән-мағынасын талдау арқылы ашу; оқу материалын жан-жақты меңгеруін жоғарлату мақсатында жалпыфилософиялық, жалпығылымдық, арнайы әдістерді методикалық қолдану.

**Тәрбиелік:** тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды заңға сәйкес мінез-құлыққа дағдыландырып, заңдарды сақтау мен құрметтеуге тәрбиелеу.

**Уақыттарды үйлестіру. Дәріс өткізудің әдісі мен тәртібі:**

*Ұйымдастырушылық кезең.*

Тыңдаушылардың дәріске дайындығын тексеру – 5 мин.

*Кіріспе бөлім – 10 мин.*

Оқу сұрақтарын, дәрістің жоспарын, тақырыбын анықтау.

*Негізгі бөлім – 65 мин.* Дәріс материалдарын мазмұндау.

1-мәселе бойынша – 20 мин.

2- мәселе бойынша – 20 мин.

3- мәселе бойынша – 20 мин.

*Қорытынды бөлім – 5 мин.*

Бүкіл тақырыпты қорытындылай келе, тыңдаушыларға өзіндік дайындық пен келесі тақырыпқа дайындыққа тапсырмалар беру.

**Материалдық техникалық қамтамасыз етілуі:**

- 1) Құқық қорғау органдары пәні бойынша сызба-кестелер;
- 2) оқу құралдары;
- 3) құқықтық-нормативтік кесімдер.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж. 30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 25 желтоқсан.
3. Жаилганова А.Н. Правовые основы судебной власти в Республике Казахстан.: Автореф. Дисс. на соискание уч.ст. к.ю.н. - Алматы, 2002г.
4. Жаилганова А.Н. Функции судебной власти. //Фемида, № 1-2, 21с.
5. Маами К. Конституционная законность и судебная власть в РК: основные тенденции и приоритеты. Автореферат. Диссертация. – Алматы, 2003.
6. Петрухин И.Л. Правосудие: время реформ. - М., 1991.
7. Стецовский Ю.И. Судебная власть. Уч. пос. - М., 2000.

### **Нормативтік–құқықтық актілер**

1. «ҚР құқық қорғау органдары» пәні бойынша заңдар жинағы.- Қарағанды академиясы.

## **ЖОСПАР:**

1. Сот билігінің ұғымы және белгілері, оның өзге мемлекеттік биліктермен байланыстылығы. Сот – сот билігі органы ретінде.

2. Сот төрелігі және ерекше белгілері.

3. ҚР сот төрелігінің демократиялық қағидаттары: оның ұғымы, табиғаты және жүйесі.

**КІРІСПЕ**

1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы елімізде құқықтық, демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құруды жариялады.

Бұл конституциялық жағдайдың мәнін өте күрделі, негізінен құқықтық мемлекеттің даму үрдісі мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімдік қарым-қатынасының бірден-бір түрі болып табылатын тәуелсіз сот жүйесінің болуы мүмкін дегенді көрсетеді.

Мемлекеттің бүгінгі даму кезеңінде қоғамдық санада құқықтық реформаның негізгісі сот реформасы болып табылады деген ұғым қалыптасқан. Бұл негізінен, биліктің сот тармағы қоғам мүшелерінің құқығы мен бостандығын сақтаудың кепілдігі болуымен байланысты.

Егемендік жылдарында сот реформасы бірнеше жолдардан өтті. Өту жолдарының бастысы: Қазақстан тарихында бірінші рет сот билігі жеке және беделді күш болып бекітілді, ол биліктерді бөлу принципін (қағидатын) іске асыруды қамтамасыз етті. Соттардың билік өкілеттігі Конституцияда заңдалдырылған.

Бұл дәрісте сот билігінің мәніне байланысты, сот билігін іске асырудың негізгі түрі ретінде сот төрелігінің міндеттері мен қағидаттарын, мақсаттарын ашу мәселелерін қарастырылады. Сот билігінің қызметі ретінде сот төрелігі қоғамның әрбір мүшесіне қатысты, қатыссыз болуы мүмкін емес. Адамдардың түсінігінде өздерінің құқығын және мүдделерінің сақталуы қоғамның әлеуметтік сұраныс деңгейінде көрінеді.

## **1. Сот билігінің ұғымы және белгілері, оның өзге мемлекеттік биліктермен байланыстылығы. Сот – сот билігі органы ретінде**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабында «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол конституциямен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады» деп көрсетілген.

Осыған байланысты, сот билігі, Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасының атынан іске асырылатын, азаматтар мен ұйымдардың бостандығы, заңды мүдделерін, құқықтарын қорғау болып бекітілген және де Конституцияны, басқа да нормативтік актілерді орындауды қамтамасыз ететін мемлекеттік биліктің бір түрі болып табылады.

Сот билігінің мәнін саяси билік болып табылатын мемлекеттік билікпен қарым-қатынасының негізінде қарастырамыз.

Халықтың әр түрлі бөлігі арасындағы төрелік жасауында мемлекеттік биліктің саяси сипаты бар. Мемлекеттің жоғарғы органдары өз қызметін атқару құқығы мемлекет атынан іске асырады, ал халық атынан сайланғандар – халық атынан іске асырылады.

Мемлекеттік биліктің басты нышаны болып қоғамның мемлекеттік бостандығымен берілген нормативтік, экономикалық және әлеуметтік негізділікті көрсететін құқықпен тығыз байланысты, ол қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуші.

Тек мемлекет қана, жалпыға міндетті акті арқылы қоғамда құқықтық тәртіпті орната алады және оны сақтауға міндеттей алады.

Мемлекеттік биліктің бірегей және бөлінбейтін негізі болып табылатын сот билігі тұтас және әлеуметтік санат ретінде көрінеді. Бұл оның мазмұнының маңызды элементтерін бөліп көрсетеді:

- біріншіден, ол билікті бөлудің негізгі принципі болып табылады;
- екіншіден, өзінің қызметтік нысандары бойынша мемлекеттік билік болып табылады;
- үшіншіден, өзінің заттық тағайындауы бойынша ол сот төрелігінің жүйесін ресімдеуді мемлекеттік ұйымдастыру қызметіне бәсекелік түрді құрайды.

Сот билігі ұғымын қалай түсінуге болады?

Отандық және шет ел әдебиеттерінде сот билігіне, оның нысандарына әртүрлі анықтамалар берілген. Осы негізде көптеген ғалым-заңгерлер сот билігі және сот төрелігі, сот билігі және сот жүйесі ұғымдарын теңдестіреді. Бұл дұрыс еместей. Сот төрелігі сот билігінің негізгі көрінісі болып табылады, тек онымен ғана сәйкестенбейді. Сот билігі ұғымын тек оның ұйымдастыру аспектісіне сәйкестендіруге болмайды – билік өкілеттігі бар алымға сәйкес арнайы органдар бірлігі, дәл осындай, заңнамалық және атқару билігі Парламент және Үкімет, басқа да атқару органдарының қызметін іске асыратын ұғым ретінде қабылданады.

Әдебиеттерде айтылған сот билігінің ұғымын ашу проблемалары бойынша пікірлер, оның белгілерін ашып көрсетуді қажет етеді.

**Дербестік, тәуелсіздік, жекеленушілік** – сот билігінің сипатты, бірінші белгісі. Бұл ұғымдар өте жақын, мағыналыр бойынша ұқсас, дегенмен де олардың әр қайсысының өз мазмұны бар.

**Сот билігінің тәуелсіздігі** – соттар өз қызметін ешкімнің күш көрсетуінсіз жүзеге асыратынын көрсетеді. Сот төрелігін іске асыруда олар заң шығару және атқару билігіне, басқа да органдарға, ұйымдарға, партиялар мен қозғалыстарға, лауазымды тұлғаларға, прокурор және алдын-ала тергеу органдарына, жеке тұлғаларға тәуелсіз болады. Тергеуші мен прокурордың айыпталушы кінәлі деген пікірлерін сот шығаратын үкіміне келістірмейді, ол сотталушыны ақтап алуы мүмкін. Дәл осылай, жазаны тоқтатып, істі жаңадан соттық қарауға жіберген жоғары сот қандай да бір дәлелдемені дұрыс деп танып, сотталушының әрекетін қандай бап бойынша жіктеуін, оған қандай жаза қолдану керектігін анықтауға, қайта жазалауға құқысы жоқ. Барлық осы мәселелер - өзінің ішкі түйсігі бойынша әрекет ететін, заң мен жеке құқықтық сезімді басшылыққа алатын бірінші сот инстанциясының құқында.

**Сот билігінің дербестігі** – соттар өздігімен, заңмен белгіленген өкілеттігімен қызметін іске асырады. Сот шешімі қандай да бір бекітуді талап етпейді. Нақты іс бойынша шешімі бар заңды күшіне енген үкім мемлекеттің барлық аймағында орындалуға тиіс.

Алдын-ала тергеу тергеу органдарының және прокурордың қызметін сот әрекеті атқара алмайды, ол тек қана сот төрелігін іске асыруға мүмкіндік туғызады, оны дайындайды.

Сот алдын-ала тергеудің берілімдеріне сенбей ақ, өзі дәлелдемелерді зерттеп, бағалау керек.

**Сот билігінің жекеленушілігі:** мемлекеттік механизмде соттың ерекше орны бар, ол атқаратын қызметіне негізделген. Соттар қандай да бір мемлекеттік органдар жүйесіне енбейді, олар ұйымдастырылған түрде ешкімге бағынбайды. Барақта, соттарды мемлекеттік биліктен және басқарудан толықтай бөлінді деп айтуға мүмкін емес. Билік органдары сот құрылымы, материалдық-процессуалдық заңдар қабылдайды, осыған байланысты соттар ұйымдасқан түрде жұмыс атқарады, билік органдары және басқарулар судьялар корпусын құруға, соттарды тағайындауға белсенді түрде атсалысады. Осы әрекеттер сот тәуелсіздігінің принциптерін қатаң сақтауды орындау және ұйымдастыру сипаттамасы негізінде және олардың сот билігін іске асыруда олардың заңға ғана бағынуы.

Сот билігі арнайы мемлекеттік орган – соттармен жүзеге асады. Мемлекеттік механизмдегі соттардың ерекше орны олардың алдына қойылған міндеттермен, жауапты міндеттерімен, қызмет сипаттамасымен айқындалады, олар азаматтардың бостандығы мен құқығы, әртүрлі органдардың, ұйымдар мен мекемелердің құқықтық және заңдық мүдделерін қарастырады. Сондықтан да соттар – сот билігін жүзеге асырушылар – заңтану саласында құзыретті болуға, жоғары заңгерлік білімінің болуына

және практикалық жұмыс тәжірибесінің болуына міндетті. Олар өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқару керек.

Сот билігінің үлгерімді іске асуына заң соттарды қажетті және жеткілікті өкілеттікпен қамтамасыз еткен.

Сот құрамы заңдық негізде құрылады. Соттарды тағайындау оларға өкілеттік беру қиын үрдіс. оларға ҚР Жоғарғы Сот Кеңесі, Әділет министрлігі және оның органдары (әділеттің біліктілік алқасы) қатысады. Заңды түрде құрылған сот – олардың негізгі міндеті сот төрелігін дұрыс шешу.

Қазақстан Республикасында сот билігі **бірыңғай сот жүйесін** құрған соттарға қатысты. Оның ұйымдастыру негізіне барлық деңгейдегі соттарды тағайындау тәртібін қарастыратын Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері жатады.

Сот билігі өкілеттігін Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін соттар ғана жүзеге асырады. Қандай да бір атаумен арнайы мекемелердің және төтенше соттарды құруға жол берілмейді (ҚР «ҚР сот жүйесі және сот мәртебесі» Заңының 3-бабы).

Сот жүйесінің бірлігі – заңдылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың құқығымен бостандығын және де әлеуметтік құндылықтарын, конституциялық құрылымын сақтауға негізделген: соттардың материалдық-процессуалдық құқық нормаларын қолдану; сот мәртебесінің құқықтық бірлігі; сот билігі органдарын мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру тәртібі.

Сот билігі - әр түрлі құқықтық әдістерімен жүзеге асады, сот төрелігі жалпы юрисдикциялық жолмен яғни азаматтық, қылмыстық істерді және әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарау және шешу – азаматтық, қылмыстық, әкімшілік сот өндірісі түрінде қаралады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылады. (ҚР К ІЖК 75 бабы).

**Сот билігі іс жүргізу заңы негізінде және қатаң сәйкестілікте іске асырылады.** Заң істерді қарау және шешу, тергеу процесін нақтылап регламенттейді. Сот процесін регламенттеу және соттың процессуалдық талаптарды орындау істің дұрыс фактілік жағдайын анықтауға және осы негізде заңды және негізді шешім қабылдауды кепілдейді.

Соттың негізгі басшылыққа алатын ережелері болып сот төрелігінің принциптері және де құқықтың процессуалдық салаларының принциптері табылады. Олар өзінің мазмұны бойынша сәйкес келеді. ҚР Конституциясының 77 бабында сот төрелігінің яғни соттардың қызметінің маңыздылығын көрсететін принциптері белгіленген. Арнайы процессуалдық заңдарға қатыстылар: Қылмыстық-процессуалдық кодекс, Азаматтық процессуалдық кодекс, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

**Сот билігінің ерекшелігі** ҚР сот жүйесіне кіретін тек қана соттармен жүзеге асырылады. Соттарды құру тәртібі, тізімі, тағайындау ҚР Конституциясымен ҚР “Қазақстан Республикасының сот мәртебесі және сот жүйесі туралы” 2000ж. 25 желтоқсанда қабылданған конституциялық



заңымен анықталады. Ешқандай органдар және лауазымды тұлғалар сот билігін іске асыруға құқысы жоқ, ал сот органдары өздерінің өкілеттігін ешкімге орындауға беруге құқығы жоқ.

Сот билігінің міндетті белгісі болып сот өкілеттігінің биліктілігі танылады. Соттардың өз өкілеттігін іске асыруда, мемлекеттік органдармен, ұйымдар, заңды және азаматтық тұлғаларды қоспағанда өкілі мен талаптары барлығына ортақ. Сот (сот) істі қарауға қатысы бар құжаттар мен заттарды, ақпараттарды талап етуге құқығы бар. Жіберілген талаптарды органдар мен тұлғалар оны орындауға міндетті.

Сот сотталушыға процессуалдық мәжбүрлеу шараларын - алдын-алу шаралары (қамау, кепіл, ешқайда кетпеу туралы қолхат), айдап жеткізуге, мүлікті пайдалануға тыйым салуды және т.б. қолдануға құқысы бар.

Сот шешімі сот отырысына және сот үрдісіне қатысушылардың барлығына міндетті. Аталған тұлғалардың бағындау жағдайында оларды жою үшін шара қолдануға құқысы бар (сот залынан шығаруға, айып салуға).

Сот шешімі – бұл нақты іс бойынша заң. Соттың шығарған үкімі, шешімі, анықтамасы, қаулылыра заңды күшіне енгеннен кейін ҚР барлық аймағында, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, өдірістің, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және азматтардың орындауы міндетті.

Сот талабының және оның шешімінің орындалуы мемлекеттік күшімен орындауды қамтамасыз етеді. Қажеттілік жағдайда органдар мен лауазымдық тұлғалар сот талабының іске асуы үшін мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін.

Мемлекеттік механизмде сот шешімін орындауға міндетті органдар мен лауазымды тұлғалар қызмет атқарады.

Жазалауды қарастыратын үкімдер: бас бостандығынан айыруды әділет органдары орындайды. Соттардың мүліктік және ақшалай жазаларын (қылмыс жасалған зинның орнын толтыру, мүлікті тәркілеу) сот атқарушылары іске асырады.

Соттардың нақты іс бойынша талаптары мен өкімдерін ішкі істер органдары (алып келу, сотқа күзеттегі сотталушыларды әкелу) және де әр түрлі органдардың әкімшілігі, мекемелер (құжаттарды талап ету, сарапшыларды шақыру, тексеріс жүргізу т.б) орындайды.

**Қорыта айтқанда,** сот билігі – бірыңғай мемлекеттік биліктің тәуелсіз тармағы, Конституциямен белгіленген, мемлекет атынан арнайы мемлекеттік орган ретінде соттармен жүзеге асады, құқықтық дауларды шешу бойынша Конституциялық тәртіппен, заңды құзыреттілікпен нақтыланған, азаматтардың және мемлекет пен ұйымдардың заңды мүдделерін және бостандығы, құқығын қорғау мақсатында тапсырылған басқа да міндеттерді орындауға, мемлекеттің барлық аймағында жалпыға міндетті процессуалдық түрдегі құқығы бар шешім қабылдайды.

Сот билігі мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде нақты қызметті атқарады. Сот билігінің қызметі – билік өкілеттігі негізінде олардың алдына қойылған міндеттерін іске асыру жөнінде сот қызметінің негізгі бағыты.

Сот билігінің барлық қызметі процессуалдық және ұйымдастырушылық болып бөлінеді.

**Сот билігінің процессуалдық қызметіне** процессуалдық заңмен регламенттелген сот қызметінің бағыты түсіндіріледі. Олар сот төрелігін іске асырумен немесе соттардың бақылау-қадағалау қызметімен байланысты.

Оларға қатыстылар:

1) сот төрелігін іске асыру;

2) соттық қадағалау;

3) сот шешімінің және басқа да органдар шешімінің орындалуын қамтамасыз ету.

**Сот билігінің ұйымдастырушылық қызметіне** процессуалдық заңмен регламенттелмеген және процессуалдық қызметті атқару үшін жағдай жасалмаған соттардың қызметі түсіндіріледі.

Оларға қатыстылар:

4) сот практикасы мәселесі бойынша түсіндірулер;

5) заңды талқылау;

6) заңнамалық бастама құқығын іске асыру;

7) сот практикасы және сот статистикасын оқу және талдау.

Бұл қызмет заңмен регламенттелмейді және үрдістік сипаты бар, ол заңдық құқықтық актілермен реттеледі.

Осы қызметтің кейбір мәселелерін қарастырайық.

Сот төрелігін іске асыру – толық түрде дәрістің екінші мәселесінде қарастырылады.

Сот билігінің ең басты қызметі – **соттық қадағалау** болып табылады. Оның ең басты негізі болып сот жүйесі шегінде іске асырылады және Жоғары соттар арқылы: облыстық және оған теңелген аудандық (қалалық) және оларға теңелген Жоғары соттар соты.

Соттық қадағалау қызметі апелляция және қадағалау өндірісі бұлар заңнамалық тәртіпте белгіленген.

Сот билігінің өзіндік қызметі сот статистикасын және сот тәжірибесін талдау және жүйелеу болып табылады. Барлық соттар сот статистикасын жүргізеді және талдайды.

Сот билігінің өзіндік қызметі **сот статистикасын және тәжірибесін талдау және жүйелеу** болып табылады. Барлық соттар сот статистикасын жүргізеді және талдайды, облыстық және оған теңелген соттар, Жоғарғы сот сот тәжірибесін жан-жақты талдайды және үйренеді. Сот тәжірибесін жан-жақты талдау және үйрену төменгі соттардың сот төрелігін іске асыру барысында заңдылықты тексерумен байланысты.

Сот статистикасы және практикасын талдау және жүйелеу сот жұмысының кемшіліктерін айқындау үшін маңызды мәні бар, аталған бағытта мемлекеттік билікті дұрыс бағыттау, басқа да құқық бұзушылықтардың алдын-алу.

Келесі қызметі – құқықтық нормаларды талқылау. Талқылау ұғымынан заңды нормалары әрекетінің мазмұнын белгілеу (заңды нормалардың, арнайы

терминологияның абстрактылығы) немесе өмірде құқық нормаларын дұрыс ұғынбау және қолданбау субъектісін түсінеміз.

Құқықты қолдану қызметін іске асыратын сот органы ретіндегі сот, құқықтың нормаларын талқылайды. Процессте заңды нормаларды талқылау оларды қолдану екі түрлі әдіспен іске асады:

- 1) түсіндіру, яғни заңды нормалардың мазмұнын өзі үшін анықтау;
- 2) түсіну, яғни заңды норманың мағынасын басқа біреулер үшін ашу, құжаттық ресімдеу. Түсіну түріне нақты жазбалары бар (бірақ жаңа емес нормативтер) арнайы актілер көрсетіледі. Олардың өзіндік мағынасы жоқ және олар нормативтік актілермен бірлікте әрекет етеді, олар талқылайтын заңды нормалар өз қызметін заңды күшін жойғаннан кейін тоқтатады.

ҚР Жоғарғы сотына Конституциямен сот тәжірибесінің мәселелері бойынша заңнамалық түсіндіру, яғни олар заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді талқылауға ресми субъект деп аталмаған. Сонымен қатар, Жоғарғы соттың пленарлық отырысының нормативтік қаулылары Конституциялық кеңестің нормативтік қаулыларының мәселелері бойынша күшінде бар құқықтың құрылымдық бөлімі болып табылады.

Сот билігі мына қағидаттармен (принциптермен) негізделеді:

- 1) ҚР Конституциясының және заңдардың басқа да нормативтік құқықтық актілерге жоғары қараушылық;
- 2) Адам және азаматтың құқығы мен бостандығының басымдығы: сот билігі органдарының адам және азаматтың құқығы мен бостандығын сақтау және қорғауға міндетті екендігін мойындау;
- 3) Сот билігі жүйесінің бірыңғайлығы;
- 4) Заңнамалық, атқарушылық және сот билігін бөлу;
- 5) Кәсіби дайындығы мен шеберлігіне сәйкес сот лауазымына кандидаттарды конкурстық іріктеу;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өкілеттігі негізінде жоғарғы соттардың қабылдаған шешімдері үшін төменгі соттардың міндеттелігі;
- 7) Сот билігі органдарына және соттарға қойылатын негізгі талаптардың бірыңғайлығы;
- 8) Соттардың кәсібилігі мен құзыреті;
- 9) Сот өндірісін іске асыруда жариялылық;
- 10) Соттардың қабылдаған шешімдеріне, өзінің лауазымдық міндеттерін атқармауға жауаптылығы;
- 11) Сот билігінің партияға қатыссыздығы; мемлекеттен діни бірлестіктерді бөлу;
- 12) Сот билігі органдарына кадрлар тұрақтылығы.

Аталған қағидаттар (принциптер) соттарға лауазымы бойынша яғни мемлекеттік қызметкер ретінде таралады.

Қорытындылай айтсақ, осыған байланысты, Конституция нормаларына және сот жүйесі және сот мәртебесі мәселелері бойынша жинақталған заңдарды негізге ала отырып, Қазақстанның жаңа моделі құрылымында сот билігінің мынадай негізгі белгілерін атап көрсетуге болады:

1. Сот билігі арнайы мемлекеттік орган – Конституциялық тәртіппен тағайындалған соттарға қатысты.

2. Сот билігінің тәуелсіздігі, оның дербестігімен басқа, құрылымында ұйымдастырушылық, қызметтік және қаржылық жекелігін көрсетеді. Конституциямен белгіленген арнайы мемлекеттік органдар құрылымы; соттар өз алдына міндеттерін қою және оларға өз құзыреттілігін беру және де мемлекеттік бюджеттен жекелей қаржыландыру;

3. Сот билігі қызметінің шектеулігі – оларды Конституция, заң және басқа да нормативтік құқықтық актілер, республиканың халықаралық келісім-шарты негізінде пайда болған дауларды шешуге жұмсау.

4. Сот билігінің құқыққорғау сипаттамасы, қызметтегі олардың байланысы екі аспектпен бөлінеді: құқық пен заңды толықтай қамтамасыз ету және де азаматтар мен ұйымдардың бостандығы және заңды мүдделерін қорғау.

## 2. Сот төрелігі және ерекше белгілері.

Әділ сот ұғымын қалай түсінеміз?

Оның келесідей белгілерін немесе түрлерін атап көрсетуге болады.

Біріншіден, сот төрелігі мемлекеттік қызметтің бір түрі.

Екіншіден, бұл қызметті тек қана соттар жүзеге асырады, ол арнайы мемлекеттік органдармен, Конституциямен конституциялық заңмен белгіленген тәртіпте өтеді.

Үшіншіден, сот төрелігі мемлекеттік қызметтің ерекше түрі, ол арнайы іс жүргізу формасының тәртібімен және заңмен қаралған. Сондықтан сот үрдісінде, жарысушылық, екі жақтық теңдік жүргізіледі.

Төртіншіден, бұл қызмет істер мен дауларды құқықтық нормаларды қолдану негізінде шешуден тұрады: Конституция, Президенттің заң жарлықтарымен, басқа да құқықтық актілермен, республиканың халықаралық келісім-шарттарымен.

Сотта қоғамдық, діни бірлестіктердің нормаларын қолдануға болмайды.

Бесіншіден, ол міндетті түрдегі шешім шығарумен аяқталады, оны ешқандай мемлекеттік орган тоқтата алмайды. Олардаң айырмашылығы атқару шешімін сот тоқтата алады.

Алтыншыдан, сот төрелігі мемлекеттік мәжбүрлеудің шараларын қолданумен байланысты.

Олардың қатарына, өлім жазасы бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеуді жатқызуға болады.

Басқа да мемлекеттік органдардың кәсіпорын қызметін тоқтату, айып, ұстау бұндай шараларды қолдануға құқы жоқ.

Жетіншіден, сот төрелігі мемлекеттік қызметтің басқа түрлерінен айырмашылығы және мақсаты – азаматтың құқығын қорғау, кінәлілерді жазалау, Конституция мен заңның орындалуын қамтамасыз ету. Заңнамалық қызметтің мақсаты – қоғамдық қатынастарды заң түрінде реттеу.

Сегізіншіден, сот төрелігі нақты іс бойынша жүзеге асады. Қылмыстық, азаматтық және басқа да істерді қозғауға соттың күші жоқ. Ол осы қызметті орындайтын органдардың бастамасы бойынша іске асыра алады.

Міне сондықтан, айтылғандарды негізге ала отырып сот төрелігіне анықтама берейік сот төрелігі – мемлекеттік қызметтің бір түрі, оны соттар жүзеге асырады, ол азаматтар мен ұйымдардың және де басқа жекеменшік түрлерінің құқығын қорғауға бағытталған, процессуалдық түрде болатын Заң мен Конституцияны қамтамасыз етеді, заңнамалық шараларды қолданып істер мен дауларды шешу, және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын пайдаланып міндетті түрдегі шешімдерді шығаурмен аяқталады.

Сонымен, сот төрелігін іске асыру арқылы сот істі қарайды және шешеді. Соттың бұл екі әрекетінің заңдылық мағынасы бар. Біріншіден, істі қарау сот отырыстары түрінде болады, яғни сот құрамы және үрдістің басқа да субъектілері отырысты ашық өткізеді.

Онда басты орынды кәсіби сотқа береді. Ол істі жан-жақты және толық қарауды қамтамасыз етеді.

Екіншіден, бұл отырыстың ерекшелігі тараптардың қатысуы (қылмыстық іс жүргізуде айыптау мен жақтау, азаматтық іс жүргізуде азаматтық жауапкер мен азаматтың талапкер. Тараптар өздерінің заңдық мүдделерін қорғау үшін тең құқыққа ие. Іс жүргізу жан-жақты қарауды және дұрыс шешім қабылдауды талап етеді.

Үшіншіден, істерді қарау, мәселелерді талқылау, шешім қабылдау, тыңдауды аяқтау қатаң іс жүргізушілік заңымен өтеді.

Төртіншіден, сот шешімдерінің негізіне-дәлелдемелер жатады. Бұл сотқа істі жан-жақты қарап, дұрыс шешім қабылдауына қажет. Бұл жағдайда бірінші инстанция соты, соттық тергеу жүргізеді, дәлелдемелерді сотталушыдан жәбірленушіден, куәгерден жауап алу арқылы зерттейді, істі қарау нәтижелері соттың дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді, яғни істі шешеді. Бұл жағдайда сот материалдық заңның нормаларын қолданады. Басқаша айтқанда азаматтық істі, жауап беруші немесе азаматтық талапкердің пайдасына, ал қылмыстық іс бойынша сотталушыны кінәлі немесе кінәсіз деп шешеді, бірінші жағдай – кінәліге жаза қолдану (жаза түрі, мерзімі, бағы басқа), екіншіден сотталушыны ақтайды.

Сот, азаматтық іс бойынша шешім, ал қылмыстық іс бойынша – айып немесе ақтау үкімін шығарады. Сот әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша - әкімшілік айып немесе өндіріс қызметін тоқтату туралы қаулы қабылдайды.

Заңда көрсетілгендей, сот іс бойынша өндіріс қызметін тоқтатуға, ал қылмыстық істі қосымша алдын-ала тергеуге жібереді. Бұндай жағдайда істі қараушы сот қаулы шығарады.

Бірінші инстанция соты шешім қабылдағанынан кейін (үкім) тараптар кассациялық тәртіппен арыздануына құқы бар. Прокурор негізделмеген немесе заңсыз шешімдерге қарсы шыға алады. Жоғары сот арыз немесе қарсылықтың негізінде бұл істі кассациялық тәртіппен қарайды, құқық бұзушылық шараларын жояды (шешімді тоқтатады, оны өзгертеді), ешқандай бұзушылық болмаған жағдайда сот шешімін өзгертусіз қалдырады, содан кейін ол күшіне еніп, орындауға жіберіледі.

Үкімнің (шешімнің) заңды күшіне енгеннен кейін іс сотта қадағалау инстанциясының қадағалау тәртібімен тексеріледі. Бұл процессуалдық құқықтық негізгі институты, ерекше стадиясы.

Соттардың тұрақтылығы, олардың өкілеттігі заңмен белгіленген тәртіпте олар лауазымнан босатылуы мүмкін емес, ол (47, 71 баптарда) заңмен көрсетілген, олар басқа лауазымға ауысуына немесе басқа сот олардың келісімінсіз (48 бап), ауысуына жол берілмейді, олардың өкілеттігі заңдық тәртіпте тоқтатылады (46 бап).

Заңда соттарды лауазымынан босату көрсетілген. Соттарға қол сұқпаушылық (Конституцияның 79 бабы 2т.) соттардың тәуелсіздігінде кепілдік, олардың әділ сот жасауына әреке етпеу. Қолсұқпаушылық

соттардың әділ сот жасауына, олардың қызметіне де қатысты болады. Егерде сот өз лауазымына атақ келтіретіндей әрекет етсе жазаланады.

Заң оның жауапқа тартуының ерекше түрін көрсетеді (тәртіптік, қылмыстық).

Кінәсіздік және айыпталушының қорғауға құқысы қылмыстық сот өндірісінің негізгі принциптері және ҚР Конституциясының 77 бабында бекітілгендей қылмысты жасаушы кінәсіз деп қаралатын тұлға оның кінәлілігін таныған жағдайда, сот үкімнің заңды күшіне енгенінде ғана іске асыралады.

Кінәсіз деп танылғанда келесідей принциптер мазмұнына қарай анықталады:

1) қылмысты жасады деп азаматты кінәлі деп тану үшін, оның кінәсін толықтай дәлелдеу керек;

2) айыпталушы өз кінәсін дәлелдеуге құқысы жоқ, айып айыпталушыға міндетті түрде жүктеледі;

3) кінә тек қана заңмен көрсетілгендей дәлелдену керек;

4) тұлғаның кінәлілігіне күмәндану айыпталушы (сотталушы) дәлеліне мазмұндалады;

5) тұлға өз кінәсін мойындаған негізінде сотталмауы керек;

6) тұлғаны кінәлі деп тек сот шешеді, бұл ерекше процессуалдық акт-үкімімен қабылданады;

7) тұлға үкімнің заңды күшіне енгенінен кейін кінәлі деп танылады.

Аталған қағидалар айыпталушының қорғалуына құқығы барлығымен тығыз байланысты, яғни ол өзінің айыпталу себебін білуге, сот өндірісінің стадиясында қорғаушысының болуына, тағылған айып бойынша жауап беруге, дәлелдеме беруге, қолдау көрсету сұрауға, тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға, алдын-ала тергеу мен анықтау аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, сот шешіміне қарсы сонымен қатар басқада іске қатысушылар туралы арыздануға. (КІЖК 22 бабы).

Сотқа, алдын-ала тергеу органдарына, айыпталушының заңды түрде қорғалуына оған айып тағылуына және мүліктік құқығын қамтамасыз етуіне байланысты заңды міндеттер жүктеледі.

Қорытынды: Қорыта келгенде сот төрелігінің қағидалары ҚР Конституциясында және де басқа заңдарда бекітілген, сот төрелігінің демократиялық мәнін көрсететін жалпы түрі, сот органдарының қызметін ұйымдастыруда анықтайтын бір жүйе құрайды, сот алдындағы міндеттерді орындайды.

### **3. ҚР сот төрелігінің демократиялық қағидаттары: оның ұғымы, табиғаты және жүйесі.**

ҚР Конституциясы біздің республикамызды демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік деп жариялады. Басты құндылық адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы деп таныды. Бұл ереже мемлекет бекіткен сот төрелігі қағидалары негізінде, ҚР Конституциясымен тығыз байланыстағы бір жүйені құрайды.

“Принцип” термині қандай да бір құбылыстың жан-жақты ұғымын білдіреді. “принцип”, ұғымын “негізгі бастамасы”, “талап”, “міндет”, “идея” деген сөздермен түсінуге болады. Латын тілінде принцип – бірінші басы, негізі дегенді білдіреді.

**Сот төрелігі принципі** - бұл қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық істерді қараумен шешу бойынша соттардың қызметін ұйымдасытру.

Сот төрелігі принциптерінің өлшемдері келесідей:

1. Принципті құраушы ереже заңмен бекітілген, яғни құқықтық болып табылады.

Принциптерді заңнамалық реттеу қиын және жауапты жұмыс. Принциптер бір-бірімен түрі мен мазмұны бойынша келісілу керек. Заң баптарына ұсыныс қысқа да нұсқа болу керек, заңгерлерге ғана түсінікті емес, яғни азаматтарға да. Принцип мазмұны бір немесе бірнеше Заңдарда айтылуы мүмкін. Бір апта бірнеше принциптер мазмұндалуы мүмкін.

Барлық жағдайда принцип жалпы түрде құралады. Сот төрелігі принциптері ҚР Заңында бекітілген.

2. Принцип сот төрелігі мәнінің көрінісі. Олардың әрбіреуінде кең идея мазмұндалған, әділ сот бағыты басты болды.

3. Сот төрелігі бір жүйені құрайды. Олар өздерінің мәні мен қызметтік тағайындауымен біріккен.

Бірақта олардың әр біреуінің жеке мазмұны бар, олардың барлығы бір-бірімен бөленбейтін байланыста.

Принциптер жүйесі – бұл өздік механизм, оның барлық бөлшектер нақты жұмыс жасау керек. Егер оның біреуі істен шықса, онда механизм тоқтатылады. Мысалы: істе аудармашының қатысуы – бұл ұлттық тіл принциптерінің сот өндірісіндегі элементі, азаматтардың соттық қорғауға құқығының барлығы, айыпталушының құқығын қорғауды қамтамасыз ету.

4. Сот төрелігі принциптері оның демократиялы екендігін көрсетеді.

Негізгі принциптер ҚР конституциясында бекітілген және осыған байланысты олардың жоғары заңдық күші бар, әділ сот жүргізу, азаматтар мен заңды тұлғалардың заңды орындау аясындағы заңдарды қабылдаудың негізі болып табылады.

Сот төрелігін жүзеге асыруда сот қызметін ұйымдастыру тәртібі келесідей принциптерге негізделеді:

**1. Заңдылық** (ҚР Конституциясының 37 бабы) азаматтардың, лауазымды және заңды тұлғалардың Конституциялық заңды, басқа да



нормативтік актілерді сақтауға және орындауға негізделген. Әділ сот аясында бұл қағида яғни сот төрелігі білімді тәртіппен өкілетті жасайды; соттар әділ сотты жасауда тек қана Конституцияға, заңға бағынады; барлық істерді соттың қарауда материалдың және іс жүргізуді дұрыс қолдану, сот істері бойынша өндіріс тәртібі Қазақстан заңымен белгіленген.

ҚР Конституциясы 4 б. 2т. Конституцияның ең жоғары заңдылық күші бар және республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. Осыған байланысты соттардың басты міндеті болып Конституцияға бағыну ғана емес, оның қызметін тікелей қамтамасыз ету. Бұл, заң немесе Конституцияның заңдық актісінің немесе оларда нормасы болмаған жағдайдағы сәйкессіздігі кезінде сот Конституцияны тура әрекет ретіндегі акт деп қолданады, себебі Конституциялық нормалар заңнан және басқа да нормативтік актілерден жоғары. Мысалы, ҚПТК тұтқындалушыға сотқа нормасы болмаған жағдайда арыздану. Соттың бұл істі қараудан бас тартуына негіз болма алмайды. Бұл жағдайда сот ҚР Конституциясының 4 бап 2 тармағын, 16 бап 2 тармағын бастылыққа алады.

Принциптің заңдылығын жүзеге асыру белгіленген заң жүйесімен қамтамасыз етіледі (мысалы, сот қаулыларының заңсыздығы және негіздіксіздігі туралы арыздануы; соттық қадағалау; материалдық және іс жүргізу заң нормаларын бұзу жағдайында сот шешімін тоқтату).

**2. Сот төрелігін тек сот арқылы жүзеге асыру.** ҚР Конституциясының 75 бабында анықталған “ҚР Республикасының әділ сотын сот жүзеге асырады” Республикада соттардың тізімі Конституцияда (75 бап ) және аталған жарлықта (2 бап) қаралған. Сто төрелігі, сот билігін іске асырудың негізгі түрі болып табылады, яғни ол отырыстарда қылмыстық, азаматтық және басқа да істерді қарау және шешу жолдары мен іске асады.

Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыру принципі үлкен саяси – құқықтық мағына береді: ешқандай құқықтық және қоғамдық орган азаматтық, қылмыстық істі қарап шешеуге құқысы жоқ; азаматтық және басқа да істерді сотқа дейінгі алдын-ала тергеу және анықтау сот төрелігі болып табылмайды; 3) тек сот қана кінәлі және кінәсіз деп шешім қабылдайды; 4) заңды күшіне енген сот қаулылары Республика территориясында орындалу керек; 5) сот қаулысы тек жоғары сот, арқылы ғана тоқтатылып өзгеріледі; 6) тек сот қана сот істері бойынша жаза мен мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдануды тағайындай алады.

**3. Сот тәуелсіздігі және олардың Конституцияға бағынауы** және ҚР Конституциясының 77 бабында заңмен қаралғандай, сот өздігімен сот істерін қарайды және шешеді, тек қана Конституция мен заңды басшылыққа алады, сот төрелігін жасауда басқа тараптардың араласуына жол бермейді.

Соттардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағынуы (40 бап) және де мемлекеттік билік органдарының жүйесіндегі соттың өзіндік орны (1 бап, 2 тармақ), соттардың әрекеті (41 бап) соттардың (42 бап, 2 тармақ)

**4. Соттардың тұрақтылығы** Конституцияның 79 бабына сәйкес, соттар Республикада тұрақты. Қазақстанның заңнамалық тарихында кеңес

кезіндегі дәстүрден аймақ, яғни соттарды белгілі бір мерзімге сайлау, өкілеттілігінің шексіздігі барлығы өзгеріспен болды.

Соттардың тұрақтылығы белгіленген заңдық тәртіптегі өкілеттігі бар

### **5. Кінәсіздік презумпциясы және айыпкердің қорғауға құқысы**

Қазақстан Республикасының Конституциясының 77 бабында бекітілген және қылмыстық сот өндірісінің негізін салушы принциптері болып табылатын, адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.

Кінәсіздік презумпциясының оның мазмұнын, ережелерін айқындайтын мыналармен сипатталады: 1) азаматты қылмыс жасауда кінәлі деп тану үшін оның кінәсін сөзсіз және толық дәлелдеу қажет; 2) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, айыпты деп тану міндеті айыптаушыға жүктеледі; 3) кінә заңды қарастырылған тәртіппен дәлелденуі керек; 4) егер оны жоюдың барлық мүмкіндіктері аяқталса, адамның кінәлілігіне кез келген күдік айыпталушының (сотталушының) пайдасына қарастылады; 5) тұлға өзінің қылмысты жасағанын мойындауы негізінде сотталмауы керек; 6) қылмысты жасағаны туралы тұлғаны кінәлі деп процессуалдық акт – үкім негізінде сот қана тани алады, 7) айыптау үкімі болжамдармен ғана шығарылмайды және шынайы дәлелдемелердің жеткілікті жиналуына негізделуге тиіс; 8) адам үкім заңды күшіне енгеннен кейін кінәлі деп танылады.

Тұлға кінәлі деп үкімнің заңды күшіне енгеннен кейін танылады.

Аталған принциппен айыпталушының өзін қорғауға құқысымен байланысты, ол оның құқын білуге, ол не үшін айыпталуда, сот өндірісінің қай бір сатысында да қорғаушысының болуына, тағылған айып бойынша түсінік беруге, дәлелдемелер беруге, қолдау сұрауға, оның қатысуымен болған тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға, анықтау және алдын-ала тергеу аяқталғаннан кейін – істің барлық материалдарымен танысуға, соттың әрекеті мен шешімдеріне наразылық білдіруге, және де іске қатысушы басқа да тұлғалар және т.б. (ҚПК 22 б.). сотқа, алдын-ала тергеу органдарына және анықтау органдарына айыпталушыға заңмен белгіленген құралдармен және оған тағылған айыптан және оның жеке және мүліктік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге, қорғануды қамтамасыз ету заңмен міндеттелген.

Сотталушының жазаны өтеу уақытындағы қылмыстық іс бойынша көптеген сұрақтар туындауы мүмкін, яғни сот шешімін (сырқаттануы (ауруы) бойынша босату, бір режимдегі колониядан басқаға – қатаң режимге ауыстыруға, шартты – мерзімінен бұрын босату т.б.) сұрауға.

Бұл мәселелерді сот іс жүргізу тәртібімен шешеді.

Сот қызметінің көрсетілген түрлері: бірінші инстанция сотында, кассациялық инстанция сотында, қадағалау инстанциясы сотында, қайта ашылған жағдайлар бойынша өндіріс, үкімнің орындалуы (қылмыстық іс бойынша) стадиясында, және де әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істі қарау – сот төрелігі болып табылады.

Айтылғандарды қорытындыласақ, сот төрелігі – бұл сот істерін қарау және шешу бойынша соттардың қызметі. Сот билігі – бұл сот органдарының заңдалған құқығы, юрисдикциялық өкілеттікті жүзеге асыру, бұл соттардың бірінші мәртебесі, олардың орны мемлекеттік билік органдарының түр-түрі. Бұдан басқа ол сот өкілеттігін өзіндік жүзеге асыру.

### **Қорытынды**

Жоғарыда мазмұндалған материалдарға қорытынды жасай келе келесіні анықтауға болады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы стратегиялық мақсаты-құқықтық демократиялық мемлекет қалыптастыру екенін жариялай келе, жоғары заң шығару дәрежеде ҚР – да сот билігінің жүйесі мен ұйымдастыру құқықтық негіздерін бекітті.

ҚР Конституциясының 76 бабы сәйкес сот билігі заң шығару және орындаушы биліктен. Саяси партиялар мен басқа да қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз жұмыс істейді. Тек тәуелсіз сот қана әр азаматтың бұзылған құқықтары мен заңдық мүдделерін құзыретті және сотта істі ашық қарауда қорғай алатындығының кеіпілі болып қызмет ете алады.

2. Сот билігінің басты қызметі сот төрелігін жүзеге асыру болып табылады, ол соттың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және де басқа істерді қарау мен шешуден тұрады. Бұл соттардың заңды қолданудың ерекше түрі, егер дауды шешу жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен мүддесіне тиісті болса тек қана қатаң түрде заңға жүгіну қажет.

3. Сот төрелігінің негізгі мақсаты – барлық істер бойынша соттың құзыретіне қатысты әділ шешімді қамтамасыз ету.

Сот төрелігінің негізгі міндеттері:

- соттардың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және басқа да істерді уақытында, жан-жақты, толық және объективті шешу.

- соттық қорғауға азаматтық және заңды тұлғалардың құқығын іске асыру.

- заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту.

- сот өндірісінің тарабындағы субъектілердің құқыққа құрметті қатынасын қалыптастыру.

- құқық бұзуды материалдық және процессуалдық заңдарды дұрыс қолдану жолымен алдын-алу.

4. Конституциялық деңгейде сот төрелігін іске асырудың негізгі принциптерінде көрінді. Сот төрелігінің принциптері соттың мемлекеттік билік органы ретінде қызметі мен ұйымдастыруының негізгі бастауын сипаттайды. Сот төрелігі адамдардың заңды құқықтары мен бостандығын құқығын қорғаумен негізделеді. Ол әділ сот төрелігін іске асыруға қызмет етеді.

**Дайындаған:** ӘҚ ж ПО-ның ӘҚ кафедрасының профессоры, полиция полковнигі Е.Е. Серімов